

**Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының
2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысының I тоқсан бойынша есебі**

Мектепте тәрбие қызметін жүзеге асыратын кадрлар тізімі:

№	Аты-жөні	Лауазымы
1.	Толеубекова А.А.	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2.	Дусчанова А.У.	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3.	Дамебаева Б.К.	Педагог - психолог
4.	Бектурганова С.М.	Педагог - психолог
5.	Темирхан Л.Қ.	Педагог - психолог
6.	Каирбекова А.Ш.	Әлеуметтік педагог
7.	Хаблай Х.	Ұйымдастырушы педагог
8.	Кушова А.С.	Аға тәлімгер
9.	Алашбаева Л.А.	Кітапхана меңгерушісі

2024-2025 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде **«Біртұтас тәрбие»** бағдарламасын жүзеге асыру арқылы балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды талап етіледі.

2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға

баулу;

- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері;

мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;

ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері;

туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар.

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;

Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрметкөрсету;

азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;

мемлекеттік тілді меңгеру;

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;

әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;

Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;

ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;

мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;

мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;

отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;

Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Ұлттық құндылықтар: бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық, тәуелсіздік және отаншылдық.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарлары тексеріліп, мектепішілік бақылау бойынша аналитикалық анықтама жазылды.

Мақсаты: Сынып жетекшілерінің жоспарларының мазмұны; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін тексеру; шешіліп жатқан мәселелердің өзектілігі, мектеп мәселелерімен сәйкестігі, сынып жетекшілерінің сыныппен жұмысын талдай білуі.

- сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарларының болуы;

- тәрбие жоспарларының мақсаттылығы;
- тәрбие жоспарының мектептің даму мақсатымен сәйкестігі;
- тәрбие жұмысын сыныппен талқылай білу.

Тексеру барысында тәрбие жоспарлары зерделеніп, сынып жетекшілерімен және оқушылармен әңгімелесулер өткізілді. Сынып жетекшілеріне жоспар құрудың жалпы құрылымы ұсынылды, бірақ олар үшін ең қолайлы және қолайлы форманы таңдау мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Оқу жылының басында барлық сынып жетекшілерінің ТЖ жоспарлары уақтылы жасалып, тексеруге ұсынылғаны анықталды.

Сыныптағы тәрбие жұмысының жоспарларын тексеру ТЖ бағдарламасын құру кезінде сынып жетекшілері әртүрлі бөлімдерді қоса алғанда, белгілі бір құрылымды ескергенін көрсетті.

Барлық сынып жетекшілерінде өткен оқу жылындағы тәрбие жұмысына талдау бар. Өткен жылғы жұмысты талдау барлық бағыттар бойынша сапалы жүргізілді. Талдаудан негізгі мақсаттар мен міндеттер шығады. Тапсырмалар әр тоқсанға жұмыс жоспарын құру кезінде нақтыланады.

Тәрбие жұмысының бағыттары әртүрлі.

Сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысының өзекті мақсаттары мен міндеттерін басшылыққа ала отырып, сынып сағаттарының жоспарын құруда қиындық туғызатынын көрсетті. Бұл орайда мектепке тағылымдамаға келген университет студенттерімен бірлесіп апта сайын, сынып сағаттарын ТЖ-ға сәйкес жоспарлауды ұйымдастырып отырдық.

Ата-аналармен бірлескен жұмысты жоспарлауға, оқушылармен және олардың отбасыларымен жеке жұмыс істеуге көп көңіл бөлінеді.

Ата-аналармен жұмыс ойластырылған. Сынып жетекшілерінде: әңгімелесу, дөңгелек үстел, жеке консультациялар, демалысты ұйымдастыру, ата-аналар комитетімен жұмыс жоспарланған.

Сонымен қатар, ТЖ жоспарында сынып жетекшілері бар:

- Нормативтік-құқықтық база.
- Қауіпсіздік техникасы.
- Сыныптың әлеуметтік төлқұжаты.
- Сынып сипаттамасы
- Қауіпсіздік сағаттары және тақырыптық сынып сағаттары.
- Ата-аналармен жұмыс.

Қорытынды:

2024-2025 оқу жылының I тоқсанында барлық сыныптарда тәрбие жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Тәрбие жоспарлары тұлғалық-бағдарланған және белсенді тәсілдер қағидаттарын ескере отырып құрылған, бұл олардың мазмұнында көрініс тапты: балалардың қажеттіліктері мен мүдделерін іске асыруға, оларды дамытуға, балаларды әртүрлі іс-шараларға белсенді қосуға бағдарлау.

Сонымен қатар, сынып жетекшілердің тәрбие жұмыс жоспары **«Біртұтас тәрбие»** бағдарламасы негізінде жоспарланған.

Әр буын бойынша сынып жетекшілері оқушылардың ерекшеліктері бойынша іс-шараларды жоспарлаған. Әр бағыт бойынша әр түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылған. Тәрбие жоспарында ата-аналармен жұмыстың әр түрлі формалары берілген. Тәрбие жоспарында да әр ай атауы қойылып, іс-шараларды ұйымдастыруда басымдылық тұстарын көрсетіп отырамыз.

- ҚЫРКҮЙЕК –ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ
- ҚАЗАН - ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ
- Қараша – Әділдік және жауапкершілік айы
- Желтоқсан – Бірлік және ынтымақ айы
- Қаңтар – Заң және тәртіп айы
- Ақпан – Жасампаздық және жаңашылдық айы
- Наурыз – Тәуелсіздік және отаншылдық айы
- Сәуір – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- Мамыр – Бірлік және ынтымақ айы
- Маусым – Жасампаздық және жаңашылдық айы

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде аптаның атаулы күндері де оқушыларға насихатталып, өткізіліп отырылды.

- **Дүйсенбі** - әдеп күні
- **Сейсенбі** - денсаулық күні
- **Сәрсенбі**- кәсіби бағдар күні
- **Бейсенбі** - тазалық денсаулық кепілі күні
- **Жұма**- ұлттық құндылықтар күні

<https://www.instagram.com/reel/DAGbYXIMSyB/?igsh=cWgxZXpxOHQ4dnVh>

<https://www.instagram.com/reel/DAI3gnbss7t/?igsh=MXRnOGxnNnV1d2RnZg%3D%3D>

<https://www.instagram.com/reel/DATmfyBMlf/?igsh=MWYzNnlmYnZ4ZTJ0bQ%3D%3D>

I тоқсан бойы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында ұсынылған негізгі жобалар топтамасынан «ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» және «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» жобаларының бастамасын жасадық.

Тәрбие жұмысы сынып жетекшілердің ӘБ, педагогикалық-психологиялық семинарлар, тренингтер, пед.консилиумдар, жиналыстар және т.б. іс-шаралар негізінде жүзеге асырылды. Оқушылармен интерактивті кездесулер, дәрістер, акциялар, кездесулер, практикалық сабақтар өткізілді.

2024-2025 оқу жылының І тоқсанында жалпы оқушылар саны – 3720.

Сыныптар – 124 комплект. Бұл сыныптарда 124 сынып жетекші жұмыс жасайды.

Сынып жетекшілер бірлістігінің жетекшілері

Жалпы сыныптар бойынша бірлестік жетекшісі: Таналиева Гульжан Нурмагамбетовна

1-сыныптар бойынша Бекзан Аружан Ерланқызы

2-сыныптар бойынша Рахметова Балзира Талғатқызы

3-сыныптар бойынша Жаңбыр Аружан Жаңбырқызы

4-сыныптар бойынша Кенджаева Айсара Темірханқызы

5-сыныптар бойынша Алдаберген Сандуғаш Ғаниқызы

6-сыныптар бойынша Абишева Ақбота Сейсенғалиевна

7-сыныптар бойынша Сапарбай Батима Сапарбайқызы

8-сыныптар бойынша Алданазарова Гүлнар Баратовна

9-сыныптар бойынша Койшыбекова Айдана Мейрамовна

10-сыныптар бойынша Ибрагимова Шахноза Бабахановна

11-сыныптар бойынша Жакишбекова Альмира Казымбековна

Ұсыныстар:

- Тәрбие жоспарына «Қауіпсіздік сағаттарын» қосу ұсынылады.
- Тәрбие жұмысы бойынша өткізілген іс-шаралар бойынша ақпаратты уақытылы әзірлеу;
- Сынып жетекшілерімен буллингке қарсы іс-қимыл жоспарлап, сынып сағаты жоспарына кіріктіріп отыру және тоқсан сайын бақылау жүргізу;
- Барлық сынып жетекшілерге берілген ұсыныстар негізінде тәрбие жоспарына өзгеріс енгізу.

І. 2024-2025 оқу жылында мектеп-гимназиясында келесі категориялар бойынша оқушылар білім алды:

- Аз қамтылған отбасылар - 131 оқушы
- Көп балалы – 1323 оқушы
- Жетім балалар - 8 оқушы

2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік осал топтардың балаларының саны өткен оқу жылымен салыстырғанда аз, салыстырмалы көреткішін төмендегі диаграммадан көруге болады:

II. 2024-2025 оқу жылында №86 мектеп-гимназиясында құқық бұзушылық бойынша есепте тұрған оқушылардың мониторингісі.

2024-2025 оқу жылының I тоқсанында келесі оқушылар құқық бұзушылық бойынша мектепшілік есепке алынды. Мақсатымыз бұл оқушылардың санын көбейту емес, оларды сырттай бақылауға алып, қолдау көрсету, жағымсыз жайттардың алдын алу. Бұл орайда мектебімізде құрылған мобильді топ қызмет атқаруда. Оның құрамына тәрбие бөлімі, мектеп психологы, әлеуметтік педагог және мектепке жауапты құзырлы орган қызметкері бар.

Сынып сағаттарына, ата-аналар жиналыстарына қатысу арқылы мектеп оқушыларының контингентін зерделеу; оқушылармен, ата-аналармен, педагогтармен әңгімелесу өткізу; оқушылардың күнделіктері мен дәптерлерін зерделеу; сабаққа қатысуды бақылау, сондай-ақ жұмыспен қамтуды зерделеу әр сыныпта қолайсыз жасөспірімдердің бар екенін көрсетеді. Олар бір-бірімен байланысты бірқатар биологиялық, психологиялық, әлеуметтік факторларға ұшыраған балалар, нәтижесінде олар тәртіпті бұзуға, құқық бұзушылыққа, кейде зорлық-зомбылыққа және басқа да әлеуметтік емес мінез-құлыққа бейім. Мектеп оқушыларының әртүрлі топтарымен жұмыс істеу, олардың мінез-құлқын, отбасындағы жағдайларды, ата-ана мен бала қарым-қатынасын бақылау келесі қауіп факторларын анықтады:

- ✓ аз қамтылған отбасылар,
- ✓ отбасы тарапынан балаға жеткіліксіз қамқорлық,
- ✓ мектепте нашар оқу, оған қызығушылық жоқ.

Жоғарыда аталған факторлардың болуы жасөспірім міндетті түрде құқық бұзушылық жасайды немесе қоғамға жат мінез-құлық көрсетеді дегенді білдірмейді. Алайда олардың болуы оның ықтималдығын арттырады. Мұндай факторлар неғұрлым көп болса, соғұрлым тәуекел дәрежесі артады. Көптеген балалар қиын жағдайларға қарсы тұра алады және қылмыстық әрекеттерден аулақ болады. Бұл мәселедегі мектептің міндеті-қарсылықты арттыруға ықпал ету, яғни.тәуекел мен стресс факторларының әсерін жеңе білу.

Жоғарыда аталған ерекшеліктерді ескере отырып, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог және педагог-психолог балалармен және отбасылармен профилактикалық жұмысқа көп көңіл бөледі.

Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжымы мектеп жұмысының жоспарына, мектеп-лицей директоры бекіткен тәрбие жұмысының жоспарына, сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының жоспарына, педагог-психолог пен әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспарына сәйкес жалпы мектептік және сынып ұжымының алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді ескере отырып жұмыс жүргізеді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.А.Толубекова мен А.У.Дусчанова сынып жетекшілерімен және әлеуметтік педагог А.Ш.Кайырбековамен бірлесіп құқық бұзушылыққа бейім оқушылардың тізімдерін, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушылардың тізімдерін жасады. Сынып жетекшілері балалардың жеке ерекшеліктерін, олардың бос уақыттарын қамтылуын, отбасылардың әлеуметтік жағдайы мен материалдық-тұрмыстық жағдайларын зерттейді, осы тексерулердің нәтижелері бойынша сыныптардың

әлеуметтік паспорттары жасалды, оқушылармен және отбасылармен жеке профилактикалық жұмыс күнделіктері жүргізілуде.

Олар оқушылармен жеке профилактикалық жұмыстың әртүрлі формалары мен әдістерін қолданады:

- ✓ профилактикалық қызмет шеңберінде балаларды, ата-аналарды және әріптестерді ақпараттандыру;
- ✓ бос уақытты ұйымдастыру;
- ✓ мектеп пәндерінің бағдарламаларына профилактикалық тақырыптарды қосу;
- ✓ Ювеналды полиция мамандарын, ішкі істер органдарын, Денсаулық сақтау

мекемелерін (оқушыларды, педагогтарды, ата-аналарды) ақпараттандыру, балаларға, педагогтарға, ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктері, отбасылық қарым-қатынастары, оқу және оқудан тыс сипаттағы қиындықтар мәселелері бойынша психологиялық кеңес беру үшін шақыру;

- ✓ оқу орнынан тыс дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмыстарды ұйымдастыру;
- ✓ балалар мен жасөспірімдер арасындағы профилактикалық іс шараларға қатысу үшін білім алушылар қатарынан еріктілер топтарын қалыптастыру.

Әкімшілік, сынып жетекшілері педагог-психологпен және әлеуметтік педагогпен бірге ата-аналармен келесі жұмыстарды жүргізеді:

- ✓ бекітілген кестеге сәйкес отбасыларға рейдтер жүргізілуде;
- ✓ педагогикалық назар мен бақылауды қажет ететін отбасылар мен балалардың үйіне бару;
- ✓ тоқсанына кемінде бір рет ата-аналардың сыныптық жиналыстары мен алдын алу Кеңесінің отырыстары өткізіледі.

Бақылау нәтижесінде құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша менеджер журналында құқық бұзушылық бойынша тіркелген оқушылар бақылауға алынды.

Есепте тұрған оқушыларға жеке істері арналып, әр оқушымен жеке жұмыс жоспарлары жасалып, үйірмелермен қамтылды. Диаграммадан көрініп тұрғандай жылдың басында мектепішілік есепте тұрған оқушылармен жеке жұмыс жүргізіліп, жылдың аяғында есептен шығарылу жоспарланған. Жылдың басында қалалық есепте бала болған жоқ.

Күн сайын оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау жүргізілді, олардың болмауының немесе кешігуінің себептері анықталды, ата-аналармен және сынып жетекшілерімен тығыз байланыс сақталды. Оқушы ұзақ уақыт болмаған жағдайда ББ қызметкерлерімен, әлеуметтік педагогпен және сынып жетекшілерімен бірге олардың жоқтығын анықтау үшін отбасылардың тұрғылықты жеріне барды. Ата-аналармен үлкен профилактикалық жұмыс жүргізілді: әңгімелер, консультациялар, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі педагогтармен және инспекторлармен кездесулер.

Нәтижелі жұмыс үшін құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу жөніндегі кеңестің отырыстары өткізіледі, жыл сайын жоспар бойынша айына 1 рет және қажет болған жағдайда, егер мектеп бойынша бұзушылықтар болса немесе себепсіз оқу сабақтарын өткізіп жіберетін, сондай-ақ ББЗ, темекі және алкоголь өнімдерін пайдаланатын оқушылармен отырыстар өткізілді.

Мектебімізде 10 қазан күні Астана қаласы, Алматы ауданы полиция қызметкерлері Тулебаева М.А, Итбаев Е, Толыбай М. 9, 10 сынып оқушылармен кездесіп құқық бұзушылықтың салдары мен оны болдырмау жолдары туралы, жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында алдын- алу, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар мектеп психологі Темірхан Л.Қ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Толеубекова А.А. Дусчанова А.У. оқушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/DA_DuCHMTxY/?igsh=YTN2dmxuN3N3NG1x

«Құқық бұзушылықтың алдын алу» бойынша : Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін, қоғамда маңызы зор екендігі түсіндіріліп, құқықтық сауатқа тәрбиелеу, өз ойларын еркін айтуға үйрету мақсатында 9-11 сынып оқушыларына түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Түсіндіру жұмыстарын аудандық прокуратурасының қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінің прокуроры Барболов А, Қ. және жергілікті полиция бөлімінің бастығы Сарсенбаев Н.А. қатысуымен өткізілді. Кездесуде құқықбұзушылыққа қатысты бейнероликтер және оның салдары қандай болатыны туралы айтылды. Арнайы орган қызметкерлеріне оқушылардан буллингке қарсы және одан қорғану бойынша сұрақтар еркін қойылып, жауаптар алынды.

<https://www.instagram.com/p/DBAzf2iC6el/?igsh=Z3A5bzRqeDFpZzIw>

2024 жылдың 18 қазанында сағат 18.00-де М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында «КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ» тақырыбында І ауысымның 8,9,10,11 сынып оқушыларының ата-аналарымен жиналыс өтті. Жиналысты мектеп директоры Г.О.Оразбекова бастап, күн тәртібімен таныстырып, қазіргі таңда орын алып жатқан жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың көбеюі туралы, оның алдын алу үшін ата-аналармен бірлесе қадағалап, баланың қауіпсіздігіне назар аудару керектігі туралы айтты. Алматы ауданының ПБ ЖПҚБ ЮПБ майоры, мектеп инспекторы Г.Т.Шамаева кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазаның түрлері мен ата-аналардың жауапкершілігі туралы мағлұмат берді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Толеубекова балаларға арналған қауіпсіздік ережелері, мектептің ішкі тәртібі мен ата-аналар ережесі туралы ақпарат берді.

<https://www.instagram.com/p/DBSujANCOC/?igsh=MTVoYWRkMDJpMWw2bQ%3D%3D>

Ұсыныстар:

1. Педагог-психологтар, әлеуметтік педагог, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша менеджер "тәуекел тобындағы" оқушылардың жайлылық ортасын құруға, оқушының жеке басы мен отбасы арасындағы өзара ынтымақтастыққа жәрдемдесу мақсатында жұмысты күшейтсін.
2. Барлық сынып жетекшілері оқушыларда азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеу міндеттерін ойдағыдай шешу үшін "қиын" оқушылармен және "тәуекел тобындағы"балалармен жұмысты күшейтсін.

3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары кәмелетке толмағандардың қараусыздығы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша сынып жетекшілерінің, әлеуметтік педагог және педагог-психологтың жұмысына бақылауды күшейтсін.

III. № 86 мектеп-гимназиясында үйірме жұмысының мониторингісі.

2024-2025 оқу жылына арналған спорт секцияларының жұмыс кестесі

№	Спорттық үйірмелер	Сыныптар	Уақыты	Үйірме жетекшісі	Байланыс телефоны
1	Волейбол	5-8 қыздар	дүйсенбі-сәрсенбі жұма 19.30-21.00	Айтмұханбет Нұрбек Айтмұханбетұлы	87023047132
2	Үстел теннисі	5-8 ұлдар, қыздар	сәрсенбі 14.30-16.30 бейсенбі 16.30-18.30	Шалабаев Бекзат Маратович	87756723570
3	Волейбол	5-7 ұлдар	сейсенбі бейсенбі 19.30-21.00	Дәуір Асылбек Дәуірұлы	87753308203
4	Шаңғы	5-9 сыныптар	сенбі 10.00-12.00	Есенгельдина Гүлнұр Асылбековна	87765629653
5	Фут зал	3-4/ 5-7 ұлдар	сенбі-жексенбі 10.00-11.30	Мусилимов Серик Бугетбаевич	87015787783
6	Волейбол	9-11 ұлдар/9-11 қыздар	сейсенбі бейсенбі 19.30-21.00 сенбі	Нуртазин Асылбек Кайыркенович	87472986435
7	Асық ату	5-7 ұлдар	сәрсенбі 9.00-10.00 бейсенбі 10.30-11.30	Уямдас Аманжол	87474865120
8	Тоғызқұмалақ	3-7 сыныптар	сенбі 11.00-12.30	Омарова Айсұлу Карибаевна	87026327500
9	Бес тас	5-8 қыздар	сәрсенбі 12.30-14.00 сенбі 09.00-10.30	Ускенбаева Айнур Умурбековна	87470543059
11	Шахмат	2-7 сыныптар	сенбі жексенбі 16.30-17.30	Мәжит Нұржан Сержанұлы	87473773808

12	Баскетбол	5-7 қыздар	жұма 19.00-20.00 сенбі 18.00-19.30	Мамбетов Агабек Ильясович	87784373336
----	-----------	------------	---	------------------------------	-------------

2024-2025 оқу жылына арналған шығармашылық клубтардың және үйірмелердің жұмыс кестесі

№	Үйірмелер	Уақыты	Өтетін орны	Үйірме жетекшісі	Байланыс телефоны
1	«Қыш үйірмесі»	Бейсенбі-Сәрсенбі 11.30-13.00	178 кабинет	Жолдыбеков Т.С	87014980422
2	«Оркестр»	Дүйсенбі-Жұма 11.00-12.00 Сейсенбі-Бейсенбі 14.00-15.00	Мәжіліс залы	Кенжешев К.С.	87089173655
3	«Хор»	Дүйсенбі-Сәрсенбі 13.00-14.00	Мәжіліс залы	Абиева А.К Жусипова Л.М.	87773847368 87763092179
4	«Дәстүрлі ән»	Дүйсенбі-Сәрсенбі 10.00-12.00	232 кабинет	Абиева А.К	87773847368
5	«Болашақ» театр	Сейсенбі-Бейсенбі 13.00-14.30	Мәжіліс залы	Имангалиев Н.Н.	87025890882
6	«Фотомектеп»	Сәрсенбі- Сенбі 15.00-16.00	Фойе	Қожахметов М.М	87004254130
7	«Әсем өрнек»	Сейсенбі 12:45- 13:25 Бейсенбі 12:45- 13:25	182 кабинет	Конурова Г.Д	87011359405
8	«Вокал»	Сейсенбі-Бейсенбі 13.00-14.00	Мәжіліс залы	Әлімбеков Н.Б.	87055965474
9	«Жұлдызды нота»	Сәйсенбі-Бейсенбі 12.00-14.00	232 кабинет	Абдрахиев А.Е.	87022992952
10	«Ән-көңілдің ажары»	Сәрсенбі-Бейсенбі	232 кабинет	Жусипова Л.М.	87763092179

		14.00-15.30			
11	«Қол өнер»	Жұма 13:00-14:30 Сенбі 10:00-11:30	182 кабинет	Асылбекова Ш.Т	87021361840
12	«ART studio» көркемсурет	Сенбі 11.00.-13.00	181 кабинет	Жаманбаев Т.М	87021236151
13	«Мирас» дебат клубы	Сенбі 10.00-12.00	Әуезов кабинеті 333 кабинет	Туйешиева Ж.А,Асылбеков Е.Е.	87759504178 87758689886

Актёрлік шеберлік	"Болашақ" театр	Иманғалиев Н. Н.
Асық ату	Бес тас	Ускенбаева А. У.
Вокал	Ән-көңілдің ажары	Жусипова Л. М.
	Вокал	Әлімбеков Н. Б.
	Дәстүрлі ән	Абиева А. К.
	Жұлдызды нота	Абдрахманов А. Е.
	Хор	Абиева А. К.
	Хор 2 топ	Жусипова Л. М.
Волейбол	Волейбол	Айтмұхамбет Н. А.
	Волейбол қыз.үл	Нуртазин А. К.
	Волейбол ұлдар	Дәуір А. Д.
Дебат	"Мирас" дебат	Туйешиева Ж. А.
Дене шыңқтыру	Асық ату	Уямдас А.
	Баскетбол	Мамбетов А. И.
	Фут зал	Мусилимов С. Б.
	Шаңғы	Есенгельдина Г. А.
	Шахмат	Мажит Н. С.
Домбыра	Оркестр	Кенжетов К. С.

Көркем еңбек	ART studio	Жаманбаев Т. М.
	Әсем өрнек	Конурова Г. Д.
	Қол өнер	Асылбекова Ш. Т.
Қыш үйірмесі	Қыш үйірмесі	Жолдыбеков Т. С.
Сурет	Фотомектеп	Кожамбетов М. М.
Теннис	Үстел теннисі	Шалабаев Б. М.
Тоғызқұмалақ	Тоғызқұмалақ	Омарова А. К.

Мектепшілік үйірмелердің тиімділігі: 2024-2025 оқу жылында мектепте баскетбол, футбол, бес тас, асық ату, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, волейболдан қыздар арасында үйірме ашылды. Жыл басынан бастап командалар бірнеше жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Ұсыныстар: үйірмелердің жұмысын әртараптандыру қажет, бұл барлық іс-шараларға белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Үйірмелер, секциялар жетекшілері жұмысты заманауи нысандар мен әдістерге сәйкес әртараптандырсын, АКТ-ны пайдалансын, ата-аналар жиналыстарында жарнама жасау, мектепте, қалалық, облыстық, республикалық деңгейлерде өткізілетін іс-шараларға қатысу арқылы мүмкіндігінше көп оқушыларды тартылсын. Құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу үшін есепте тұрған оқушылар келесі оқу жылында үйірмелермен толыққанды қамтамасыз етілсін.

IV. 2024-2025 оқу жылындағы тәрбиелік іс-шаралардың мониторингісі.

№86 мектеп-гимназиясында 01.09.2024-2.09.2024 аралығында 1-11 сыныптар бойынша «Мектебім – мейірім мекені!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді және оқушылар «Мен үшін қымбат мектебім» атты бейнеролик жасап білім күніне арналған құттықтауларын жолдады.

https://www.instagram.com/p/C_YZQl4spvM/?igsh=MWc5b2s0dG9lcHltMA%3D%3D

https://www.instagram.com/reel/C_a9p_NM-so/?igsh=MW45NGVsemo2ZDY2Mg%3D%3D

Қыркүйектің бірінші аптасында оқушылар «Бұрымды қыз» тақырыбында бейне-роликтер челленджін түсірді. Оқушылар өздерінің отбасындағы қызықты сәттер, отбасылық дәстүрлер бойынша қызықты бейне-роликтер жасады. Бейне-роликтер мектептің әлеуметтік желілеріне жарияланды.

https://www.instagram.com/reel/C_2t1Jusna0/?igsh=aDgxMm1oNWpnejlt

М.Әуезов атындағы 86 мектеп-гимназиясында 5 қыркүйек - Қазақстан Республикасындағы Тілдер мерекесі және Ұлт көсемі, қазақтың тұңғыш лингвист ғалымы А.Байтұрсынұлының туған күніне орай түрлі шаралар өтуде. Тіл туралы ән айтылып, өлеңдер оқылды. Жас ақындар қос мерекеге өз арнауын арнады.

Ағылшын тілі бірлестігі оқушылармен ойындар ұйымдастырды.

Мерекеге орай түрлі шаралар жоспарланды.

https://www.instagram.com/p/C_kEqnXIaoX/?igsh=Mmw2djBmdzV0ZGlw

Қазақ әдебиетінің заңғар жазушысы М.О.Әуезовтің туған күніне орай ұйымдастырылған мектепшілік «Әуезов тағылымы» апталығының аясында дене шынықтыру мұғалімдерінің ұйымдастыруымен қала мектептері арасында “Әуезов кубогы” жеңімпазын анықтау мақсатында волейболдан ұлдарға арналған турнир өтті.

<https://www.instagram.com/p/DAdWzlNutU2/?igsh=MjJwa3NtOHZqeWx2>

II мектепшілік «Әуезов туындылары көркем галерияда» жазушы шығармашылығынан ата-аналар, оқушылар арасында суреттер, макеттер көрмесі өткізілді.

Мақсаты: Кешегіні болашақпен байланыстырып, қаламгер мен бүгінгі ұрпақ арасындағы әдеби рухани байланысты нығайту және М.Әуезовтің өмір жолы мен шығармашылығын, ғасырларға сын бермес мұраларын насихаттау.

Міндеті: Оқушылар мен ата-аналардың арасындағы Әуезов шығармаларына деген қызығушылығын ояту және оқыған шығармаларынан кейіпкерлердің суретін бейнелеу арқылы ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Оқушылар М.Әуезовтің шығармасынан алған әсерін суреттер арқылы бейнелеп, кейіпкерері туралы ақпарат берді
<https://www.instagram.com/p/DACilhVoFld/?igsh=bG1ja3FoOHdzYmo2>

Биік шыңнан көрінген ақылымен

Мұхтар - тұлға, Мұхтар - дара, Мұхтар – дана

Мың ғасырда бір - ақ рет туылатын

Алып шың, алып тұлға, Мұхтар ғана-демекші, бүгін мектебімізде М.Әуезовтың туған күніне орай «Туған күніңмен, ҰЛЫ АДАМ!» тақырыбындағы әдеби-музыкалық қорытынды концертпен апталық қорытыланды.

https://www.instagram.com/p/DAdfB_usd6Q/?igsh=MW94MXEwZG9rZHR6cA%3D%3D

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы сөйлеген сөзінде жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарына ерекше мән берді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын әлеуметтік жобалар, театрландырылған қойылымдар мен басқа да креативті бастамалар білім алушылардың бойында шығармашылық, мейірімділік, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету секілді адамдық қасиеттерді қалыптастыратын әрекеттерге бағытталған. Тұлғалық тәрбие берудегі педагогтың рөлі өте зор. 3-қазан күні «Ұстаздар күні» мерекесіне орай М.Әуезов атындағы 86 мектеп-гимназиясында республика көлемінде «Қалықта, әнім, “Ұстазым» деп!» бастамасымен «Даналық ұстаздан» челленджі өткізілді. Атқарылар шара елімізде мұғалімдер мәртебесін одан әрі дамытуға бағытталған.

<https://www.instagram.com/p/DAPx-haORt0/?igsh=MWtvYWxtamlydDI3aw%3D%3D>

М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында ұстаздар мерекесі қарсаңында “Дублер” күні ұйымдастырылды. Оқушылар мұғалімдерді қарсы алып, өздерін мұғалім ретінде сезініп сабақтар жүргізді. Осы іс-шара арқылы әр оқушы өзіне артылған жауапкершілікті сезініп, көшбасшылық қабілеттерін анықтады. Ұстаздар мен оқушылар арасында ерекше байланыс орнады. Қызықты да, креативке толы күн болды.

<https://www.instagram.com/reel/DAsRh7fMwOy/?igsh=MWdvdzFzMnVmcjRubQ%3D%3D>

Мектебімізде Ұстаздар күніне арналған «Қалықта, әнім, «Ұстазым» деп!» атты мерекелік концерт өтті. Мақсаты: Ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Концерттік шараның қызықты өтуіне мектептің өнерлі оқушылары мен 11-сыныптың оқушылары белсене ат салысты. Олар мерекелік гүл шоқтарын ұсынып, ұстаздарының көңілінен шықты.

Алтынсарин төсбелгісіне ие болу ұзақ жылдардың тынымсыз еңбегінің жеміс. Бір ғана өзінен екі мұғалімге Ыбырай Алтынсарин төсбелгісі және үш мұғалімге Министрдің Құрмет грамотасын табысталды. Мектепке ерен еңбегі сіңген

бірқатар мұғалімдер Әуезов төсбелгісіне ие болды. Олардың әрқайсысының білім сала сына қосқан сүбелі үлесі мен айшықты жолы ерекше. Қажырлы еңбек етіп, көпке үлгі болған ұстаздардың марапаттың биігінен көрінуі құба-құп.

<https://www.instagram.com/p/DAXW-YoCR8Q/?igsh=anNqZjZmbzk4M3dk>

15 қазанда қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, көрнекті ақын және жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің дүниеге келгеніне 130 жыл толады. Оның өмірі мен шығармашылығы ел тарихында өшпес із қалдырды. Осыған орай мектеп кітапханамызда 8 А-сынып оқушыларымен “Алаштың ардақтысы-Сәкен” атты әдеби кеш өтті.

Оқушыларымыз Сәкен Сейфуллиннің өмірбаянымен шығармашылығымен танысты.

<https://www.instagram.com/reel/DBLtQg1sZ5G/?igsh=MzEzMGxmMzFreHVt>

Ұл балалар арасында «Сәкенге сай сымбат» номинациясына лайықты сырттай байқауға 9а сынып оқушысы Аманжолов Қасым қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/DBMQ3eAsnCN/?igsh=MTNubW55eDJtaHkyag%3D%3D>

М. Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия кітапханасында “Менің атым-Қожа” киносын 6 ”А”- сынып оқушылары тамашалап, сұрақтарға жауап бере отырып кітапты талдады.

“Менің атым - Қожа” повесті - Бердібек Соқпақбаевтың артына өшпес із қалдырған туындысы. Бұл шығармада “қара көженің” іс-әрекеті, мінез-құлқының қалыптасуы, арман-тілегі, басқалармен қарым-қатынасы суреттеледі.

Бұл повесті өте қызық, әрі күлкілі оқиға. Заман талабы өзгерсе де, әдебиеттегі озық бір шығарма болып қала берген. Бұл оқырмандардың жүрегіне ерекше оңайлықпен жол таба алған балалар әдебиетінің кемел де дара туындысы.

https://www.instagram.com/p/DBL2E9_M04h/?igsh=dzl3ZW42emR3bXp5

V. 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылып жатқан жобалар.

«Біртұтас» бағдарлама аясында түрлі әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу жоспарланып отыр. Жобалар – бұл білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалар деп түсінуге болады. Атап айтқанда, «Қамқор» жобасы - әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Еңбегі адал - жас өрен» жобасы - білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу. «SMART BALA» жобасы - инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Шабыт» жобасы - білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы - тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Балалар кітапханасы» жобасы - кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру. Осы аталған жобаларды мектеп үрдісінде жүзеге асып жатыр.

VI. Мектепте «Дебат» қозғалысы соңғы үш жылдан бері жақсы жолға қойылды. Биылғы оқу жылының бірінші жартыжылдығында оқушыларымыз

«Дебат» қозғалысы бойынша Еуразия университеті заң факультетінің ұйымдастырумен өткен аудандық дебатта I орын;

«Зорлық зомбылықсыз 16 күн» қалалық дебатта I орын;

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер апталығы аясында ұйымдастырған аймақтық дебаттық турнирде I орын иемденді.

<https://www.instagram.com/p/CmIp8NzIFf6/> , <https://www.instagram.com/p/CmJsQUPrRs/>

VII. Құндылықтарға негізделген білім беру жобасы

Оқушылардың игілігі үшін 2024 жылдың қыркүйек айының бірі күні, білім күніне орай «Құндылықтар аллеясы» ашылды. Қыркүйек айының аяғында Мұхтар Әуезовтың мерейтойына орай мектебімізде “Әуезов тағылымы” апталығы аясында ұйымдастырылған “Great writer, great works” ReadX форматындағы байқау өтті. Байқауға 10-сынып оқушылары қатысып, білімдерін көрсетті. Оқушылар М. Әуезовтың шығармаларымен кейіпкерлері, сонымен қатар “менің сүйікті кейіпкерім”, “шығарма мені неге үйретті?”, “мені таң қалдырған сәт” сияқты маңызды оқиғаларды айқындады. Байқау соңында оқушылар 1,2,3-орындар және номинациялармен марапатталды. Сыйлықтар алды. Байқау көңілді, әсерлі сәттерге толы болды. “ӨЛЕҢІМ - ӨМІРІМ МЕНІҢ” АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ өткізіліп, ақын шығармашылығы қала көлемінде дәріптелді.

«Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, олардың бойында жалпыадами құндылықтарды тәрбиелеуге, академиялық үлгерімді арттыруға, әлеуметтендіруге, кәсіби бағдарлауға, сыни ойлауды дамытуға, экологиялық мәдениетті, салауатты және қауіпсіз өмір салтының мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы аясында күнделікті 8 минут кітап оқу дағдысы қалыптастырылды. Сондай-ақ ата-аналардың қатысуымен «Көңілді старт», «Кім жүйрік?» «Квест» ойындары және «Бір отбасы, бір кітап» шарасы өтті. Құндылықтарға негізделген білім беру жобасы аясында

- ҚЫРКҮЙЕК –ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ
- ҚАЗАН - ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ.

<https://www.instagram.com/reel/DAVU6Jou6Vt/?igsh=MWM3c3h6b282dnRsaA%3D%3D>

Мектебімізде жалпы қалалық сенбілік

Бірінші байлық – денсаулық, ал денсаулық кепілі-тазалық демекші, айналаны көркейту, жақсарту, тазарту адамның негізгі парызы. «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы бүгінгі сенбілікке М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының 190 мұғалім мен 832 оқушылары қатысты. Жұмысты бастамас бұрын көңіл-көтеріп, әдемі әуен ырғағына флешмоб билеп алдық. Мектеп ауласындағы қалдықтармен қоқыстардан арылтып, жол жиегін әктеп, сырлап, ағаштар отырғызылып көлемді жұмыс атқарылды. Мектеп парламенті көңілді спорттық ойындар өткізіп белсенділік көрсетті.

<https://www.instagram.com/p/DALDfGDODwk/?igsh=YjljczlhY3Rubjk%3D>

VIII.Кәсіптік бағдар жұмысы

Мектепішілік тексеру 9-11 сыныптардың сынып жетекшілерімен оқу жылы ішінде оқушылармен мақсатты кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілетінін көрсетті:

- Мамандықтар туралы, осы мамандықтарды алуға болатын оқу орындары туралы білімді кеңейту;
- мамандық таңдау және кәсіби жолмен алға жылжу кезінде қажетті дағдылар мен іскерліктерді дамыту;
- ақпаратты өз ерекшеліктерімен байланыстыру, яғни "Мен"бейнесін табу.

Тәрбие жұмысының бұл бағыты 9, 11 сыныптарда оқушылармен және ата аналармен жұмыс арқылы мақсатты түрде жүзеге асырылады. Осылайша, 9-11 сынып оқушылары оқу жылы ішінде қаланың оқу орындарымен танысты. 07.10.2024 ж. «Bolashag Development Fund» ұйымдастыруымен әлемнің 24 елдерінен 30 аса жоғары оқу орындары, тіл мектептері, білім беру агенттіктері және стипендиялық бағдарламалар өкілдерімен қала мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына «Sheraton Astana Hotel» қонақ үйінде «International Education Fair 2024» халықаралық білім көрмесі өткізілді.

Көрмеге қатысушыларға шетелде білім алудың оқу шарттары, шетелге оқуға түсу туралы ең өзекті ақпарат, гранттар мен жеңілдіктер туралы тікелей кеңес алу мүмкіндігі ұсынылды.

Мектеп психологтары 9-11 сынып оқушыларынан «Болашақ мамандықты таңдау туралы» сауалнама алды. Сауалнама көрсеткендей, көптеген оқушылар мамандық таңдау туралы шешім қабылдаған, бірақ кейбір балалар әлі де мамандық таңдамағанын көруге болады.

2024-2025 оқу жылында мектебімізді 165 оқушы 11 сыныпты аяқтайды, оның 6-сі «Үздік аттестат» иегерлері. 290 оқушы 9 сыныпты аяқтап, аттестаттарын алады. 9 сынып оқушыларымен кәсіптік-бағдар жұмысы барысында қаламыздың педагогикалық, медициналық, қоғамдық тамақтану және сервис, басқару, кәсіптік-техникалық, медико-техникалық колледждерімен ынтымақтастық жөнінде келісімге келіп жұмыс атқарылуда. Сауалнама нәтижесі бойынша 290 оқушының 108 оқушысы оқуларын колледждерде жалғастырмақ.

Ұсыныстар:

- білім алушыларды белгілі бір мамандықтар туралы, белгілі бір кәсіптің мамандарын дайындайтын оқу орындары туралы хабардар етуді жалғастыру;
- білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін зерттеу және анықтау бойынша жұмыс жүргізу.

IX.Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар:

1. Сынып жетекші мен ата-аналардың сұранысы бойынша балаларға арналған жеке кеңестер
2. Ата-аналар жиналысы барысында «Буллинг, кибербуллингтің алдын алу және интернет кеңістігіндегі қарым-қатынас ережелері» 5-8 сынып, «Жасөспірімдік кезеңнің жас ерекшеліктері» (7-8 сынып), «Девиантты мінез-құлықтың алдын алу» (6-7 сынып), «Емтихандарға баланы дайындау» (9-11 сынып) тақырыптарында жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 26-27 қыркүйек күндері мектебімізде ата-аналар жиналысы өтті.Күн тәртібінде «Отбасы құндылықтары» тақырыбында психологиялық тренинг,«Қауіпті ойындар»,«Буллинг. Буллингтің алдын алу»,«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы.Ата-аналар ережесі.Балаларға арналған қауіпсіздік ережелері. Отбасына әлеуметтік қолдау көрсету және көмек көрсету түрлері.Жанжалсыз қарым-қатынас өнері:ата-аналарға балалармен қарым-қатынас жасау бойынша кеңестер айтылды.

<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziaa/p/DAdEUYoOGnE/>

27 қыркүйек күні мектебімізде “Ата-аналарды педагогикалық қолдау”орталықтарының жұмысы аясында «Қиындықтарды жеңу үшін балаға қолдау көрсету!» тақырыбында «Бірыңғай ашық есік»күні өтті.

Мақсаты: Баланың өз эмоцияларын және реакцияларын дұрыс басқаруға көмектесу;

Жұмыс барысында көптеген іс-шаралар ұйымдастырып, тренинг өткізілді. Ата-аналар 8 аймаққа бөлініп жұмыстар атқарды.

«Отбасы және әлеуметтік орта әсерлері» Q-talks аймағында талқыланып, бала тәрбиесіне, құндылықтарға байланысты ата-аналар сөз сөйледі. «Қыз тәрбиесі. Құқықтық білім және өз құқықтарын қорғау» тақырыбында ата-аналармен тренинг жүргізілді.

Мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен құқықтар мен міндеттер туралы кітаптардағы мақалаларды зерттеу, өз құқықтарыңызды қорғаудың жолдарын анықтау мақсатында «Құқықтар мен міндеттер туралы ақпарат» атты квест ұйымдастырылды. Мұнда ата-аналар практикалық тапсырмалар орындады.

“Әкені көріп ұл өсер,ананы көріп қыз өсер”-демекші әке мен бала арасындағы қарым- қатынасты жақсарту мақсатында «Қайсарлық пен төзімділік» атты әкелер отырысы ұйымдастырылады.

«Баламен эмоциялар мен қиындықтар туралы ашық сөйлесу» Training аймағында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, ата-аналар баласының бойында қандай қасиеттерді, қабілеттерді, дағдыларды көргісі келеді деген сұраққа жауап берді.

Сондай-ақ ата-аналар балаларының сабақтарына қатысып, пән мұғалімдерімен байланыс орнатты.

<https://www.instagram.com/p/DAdiGXsMak7/?igsh=MWxvYmplNXFqazlqaQ==>

Х. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиені ұйымдастыруды бақылау бойынша мектепішілік бақылау

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша оқушыларды тәрбиелеудегі пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің жұмысын талдау

2024 жылдың 01.12-30.12.2024 жылы №86 мектеп-гимназиясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиені ұйымдастыру бойынша мектепішілік бақылау жоспарланған.

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленді, осы жоспарды іске асыру бойынша жұмыс тобы құрылды. Білім беру процесіне қатысушылар, ата-аналар мектеп сайты арқылы мектептегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың іске асырылу барысы туралы хабардар етіледі. Мектепте МҚА қатысушыларын, олардың ата-аналарын қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу рәсімі туралы хабардар ету жүзеге асырылады. Рекреацияда "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет" стенді жаңартылды, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы материалдар бар. 2025 жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында мектепте "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы!"- 11-сынып, 9,11-сыныптардағы сынып сағаты, 9-11-сыныптардағы ата-аналар жиналысы "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!"- 6-сынып, "бала кезінен Сыбайлас жемқорлықсыз" - 5-сынып. Тұлғаны рухани адамгершілік және азаматтық - патриоттық тәрбиелеу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында "Адал ұрпақ" еріктілер клубы өз жұмысын жалғастыруда.

Республика күні қарсаңында клуб мүшелерімен «Адал ұрпақ-адал ұлт» атты дөңгелек үстел отырысы ұйымдастырылды.

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру бойынша ұйым мүшелері тарапынан көптеген ұсыныстар айтылды.

<https://www.instagram.com/p/DBbXDRVMf44/?igsh=dmx6Nnh5MzVkZDBo>

Тексеру көрсеткендей, екінші жартыжылдықта Тарих, Құқық негіздері пәндері бойынша КТЖ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру, оқушылардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру міндеттерін шешуге бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру элементтері бар.

Қорытынды және ұсыныстар:

1. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша жұмыс жүргізілуде, білім беру процесіне қатысушыларды және осы бағыт бойынша ата-аналар жұртшылығын хабардар ету жүзеге асырылады.
2. Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру және тәрбиелеу мақсатында жұмысты жалғастырсын.
3. Әкімшілік жұмыстың осы басым бағыты бойынша бақылауды жүзеге асыруды жалғастырсын.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға қатысуға әлеуметтік әріптестерді тарту.

Қорытынды.

Тәрбие жұмысын қорытындылай келе, жалпы педагогикалық ұжым қойылған міндеттерді орындағанын атап өткен жөн. Мектеп мұғалімдері балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие процесін шебер басқарды. Барлық тәрбие іс-шараларының үйлестірілуі, олардың педагогикалық орындылығы, қажеттілігі мен жеткіліктілігі, жоспарлар мен іс-әрекеттердің келісімділігі мектептің тәрбие процесінде оң нәтиже берді, бұған қол жеткізудің әртүрлі деңгейлері дәлел бола алады.